

Кімге: Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар министрлігі

Автордың аты-жөні және лауазымы: Алибекова Ф.А. ҚР ТЖМ Төтенше жағдайлар департаменті Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасының Салааралық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы.

Күні: 10.06.2025 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өзекті мәселелер және оларды шешу жолдары».

Кілт сөздер: өнеркәсіптік қауіпсіздік, объект, техникалық құрылғы

Кіріспе

Өнеркәсіптік қауіпсіздік – бұл адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны және өндірістік нысандардың тұтастығын сақтау мақсатында қауіпті өндірістік объектілерде апаттардың алдын алуға бағытталған маңызды сала. Қазақстан Республикасында өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы мен орнықты дамуы үшін стратегиялық маңызға ие.

Алайда соңғы жылдары елімізде бірқатар төтенше жағдайлар мен өндірістік апаттардың орын алуы бұл саладағы бірқатар жүйелі мәселелердің бар екенін көрсетіп отыр. Олардың қатарында ескі жабдықтардың пайдаланылуы, мамандардың жетіспеушілігі, қауіпсіздік талаптарының сақталмауы және бақылау тетіктерінің әлсіздігі сияқты факторлар бар.

Осы аналитикалық жазбада Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы негізгі проблемалар қарастырылып, олардың себептері мен ықтимал салдары талданады. Сонымен қатар, осы бағыттағы жағдайды жақсартуға арналған тиімді шешу жолдары мен ұсыныстар ұсынылады.

Негізгі бөлім

Бүгінде өндірістегі қауіпсіздік — бұл тек заңнама талаптарын формалды орындау емес. Бұл — бизнестің тұрақтылығының стратегиялық факторы. Ғаламдық технологиялық, климаттық, әлеуметтік және геосаяси трансформациялар жағдайында еңбек қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік корпоративтік стратегияның ажырамас бөлігіне және бәсекеге қабілеттіліктің негізгі құрамдасына айналуға [1].

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы Қазақстан Республикасында бірқатар заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге сүйенеді. Бұл салада

еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғау, қауіпті өндірістік нысандарды бақылау, апаттардың алдын алу және төтенше жағдайларға дайын болу сияқты аспектілер қамтылады.

Негізгі заңнамалар:

«Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – Өнеркәсіптік апаттардың алдын алу, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл тәртібі және қауіпті өндірістік объектілерді мемлекеттік бақылау мен қадағалауға негіз болады[2].

«Еңбек кодексі» (2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ) – Жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарын белгілейді, жұмыс беруші мен жұмыскердің міндеттері мен құқықтарын айқындайды[3].

«Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» Заң (2002 жылғы 3 сәуірдегі № 314-II) – Қауіпті өндірістік объектілердің қауіпсіз пайдаланылуын, лицензиялауды, апаттық жағдайлардың алдын алуды және тергеп-тексеруді реттейді[4].

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заң – Құрылыс кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауды қарастырады[5].

Негізгі заңнамаларға сүйене отырып, 2024 жылы Қазақстанда өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбек қорғау саласында **8 000-нан астам құқық бұзушылық** тіркелді. Бұл көрсеткіш **5 500-ден астам тексерістің** нәтижесінде анықталды.

Негізгі деректер:

- Бұзушылықтардың **22,5%-ы** еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына қатысты;
- Мемлекеттік еңбек инспекторлары тарапынан **шамамен 3 500 нұсқама** берілді;
- **3 548 әкімшілік айыппұл** салынды;
- Жалпы салынған айыппұл көлемі **408 миллион теңгеден** асты.

Салыстыру үшін 2023 жылдағы деректер:

- 6 926 тексеріс жүргізілген;
- 10 372 бұзушылық анықталған (оның ішінде 2 401-і – еңбек қауіпсіздігіне қатысты);
- 4 396 нұсқама берілген;
- 2 285 айыппұл салынған;
- Жалпы айыппұл сомасы – **401 миллион теңгеден** астам [6].

Сонымен қатар табиғи факторларды ескеру қажет Жомарт кенішіндегі апатты алатын болсақ, апаттың негізгі себебі ретінде тау-кен қазбасынан метанның жиналуы мен бөлінуі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау ережелерінің өрескел бұзылғаны және жауапты тұлғалардың анықталғаны белгілі болды. Қазіргі уақытта «Жомарт» кенішінің жұмысы тоқтатылған. Комиссия кеніштегі қауіпсіздікті арттыру, ауадағы газ құрамын анықтаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу, бейнебақылау орнату және басқа да шараларды қабылдауды тапсырды.

Ресми мәліметтерге сәйкес, елімізде **4 мыңнан астам қауіпті өндірістік объект** тіркелген. Бұл нысандардың басым бөлігінде техникалық жабдықтар тозып, моральдық ескірген. Осы фактор өнеркәсіптік қауіпсіздіктің әлсіреуіне әкелуде.

Негізгі Республика бойынша 117 мұнай өндіріс орындары, 862 газ шаруашылығы, 32 көмір өнеркәсібі тіркелген.


Ұлытау облысы бойыншы 85 объект қауіпті өндіріс орны және 13 мыңға жуық қауіпті техникалық құрылғылар тіркелген.



1.1 Қауіпті өндірістік объект



1.2 Қауіпті техникалық құрылғы



Негізгі өзекті мәселелерге тоқталатын болсақ, қазіргі таңда Қазақстандағы көптеген өндірістік кәсіпорындарда қолданылып жатқан жабдықтар моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген. Олар көбінесе өткен ғасырдың 70–80-жылдары орнатылған және тиісті деңгейде жаңартудан өтпеген. Бұл жағдай өнеркәсіптік қауіпсіздікке айтарлықтай қауіп төндіреді. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жоғары білікті инженерлік-техникалық қызметкерлер жетіспейді. Оқу орындарынан шыққан жас мамандар тәжірибесіз және нақты өндірістік жағдайға бейімделмеген. Кейбір кәсіпорындарда өндірістік регламенттер мен қауіпсіздік нормаларын елемей жағдайлары кездеседі. Бұл көбіне басшылықтың қысымымен немесе экономикалық себептермен байланысты.

Ұсыныстар

1. Жабдықтарды жаңарту бағдарламасын іске асыру
Мемлекеттік деңгейде ескі жабдықтарды жаңартуға арналған субсидиялау немесе жеңілдетілген несие беру механизмдерін енгізу қажет.
2. Маман даярлау жүйесін жетілдіру
Жоғары оқу орындары мен колледждерде өндірістік қауіпсіздік бағыты бойынша оқу бағдарламаларын жаңартып, өндірістік тәжірибеге көбірек көңіл бөлу қажет.
3. Мемлекеттік бақылауды күшейту
Бағытталған тексеру жүйесін енгізу, тексеру нәтижелерін цифрлық форматта тіркеу және ашық қолжетімді ету маңызды.
4. Цифрлық қауіпсіздік жүйелерін енгізу
Қауіпсіздікке жауапты жүйелерді автоматтандыру, нақты уақыт режимінде мониторинг жүргізу құралдарын қолдану тиімді.

5. Жауапкершілікті арттыру
Қауіпсіздік ережелерін бұзған лауазымды тұлғаларға қатаң жауапкершілік қарастыру қажет.

Қорытынды

Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында шешімін таппай отырған өзекті мәселелер өндірістік апаттардың негізгі себептерінің бірі болып отыр. Бұл тек экономикалық шығындарға ғана емес, сонымен қатар адам өміріне қауіп төндіреді. Тиісті нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, цифрлық технологияларды енгізу, кадрлық әлеуетті арттыру және бақылау тетіктерін күшейту арқылы өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін едәуір жақсартуға болады. Бұл – елдің тұрақты дамуы мен азаматтардың қауіпсіз өмір сүруі үшін маңызды қадам.

5. Қолданылған әдебиеттер

1. <https://018.kz/16640-amm-2025-ajasynday-r-altyn-ndirushilerini-vi-forumy-ebek-auipsizdigi-men-nerksiptik-auipsizdikke-basymdy-berildi.html>ҚР Еңбек кодексі, 2015 жыл;
2. ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы, 2014 жыл;
3. **«Еңбек кодексі»;**
4. **«Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» Заң;**
5. **«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заң;**
6. <https://24.kz/ru/news/social/696080-bezopasnost-i-okhrana-truda-8-tys-narushenij-vyyavili-v-kazakhstane-v-2024-godu>;
7. <https://018.kz/16640-amm-2025-ajasynday-r-altyn-ndirushilerini-vi-forumy-ebek-auipsizdigi-men-nerksiptik-auipsizdikke-basymdy-berildi.html>

